

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 19 ақпандағы № ДС-89 сауалға

Құрметті депутаттар!

Ауылдық жерлерде тауарлық кредит тетігін дамытуға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Баламалы қаржы құралдары арқылы агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту, сондай-ақ ауыл тұрғындарын кәсіпкерлік қызметке тарту және ауылдық жерлерде жұмыспен қамту деңгейін арттыру мақсатында ағымдағы жылы Ауылдық елді мекендерде тауарлық кредит беру тетігін іске асыру жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілді.

Жол картасы тауарлық кредит беру арқылы шағын бизнесті, жеке қосалқы шаруашылық иелерін, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған халықты, сондай-ақ орта және ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі – АШТӨ) қоса алғанда, АӨК субъектілері арасындағы ауыл шаруашылығы кооперациясын ынталандыруға бағытталған іс-шаралар кешенін көздейді.

Жол картасын іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарлары, жабдықтар, көшеттер мен тұқымдарды қоса алғанда, отырғызу материалы, сондай-ақ өндірістік ресурстардың өзге де түрлері нысанында тауарлық кредиттер беріледі.

Анықтама: жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) ақпараты бойынша қазіргі уақытта өңірлерде тауарлық кредит беру шеңберінде 300-ге жуық жылқы, 1 600 бас ірі қара, сондай-ақ 4,5 мыңнан астам ұсақ мал таратылып берілген.

Жол картасына сәйкес өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі – ӘКК) тауарлық кредит беруді ұйымдастыру мен сүйемелдеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ кредиторлар мен қарыз алушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін оператор ретінде айқындалған.

ӘКК-нің негізгі функциялары тауарлық кредит шартын жасасудан бастап қарыз алушылардың міндеттемелерді орындауына дейінгі процесті ұйымдастыру, тәуекелдерді бағалау және оларды азайту, қаржылық сақтандыру құралын пайдалану арқылы қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ қарыз

алушылардың тауарлық кредиттер бойынша міндеттемелерді орындауын мониторингтеу болып табылады.

Ауыл халқын осы тетікпен қамтамасыз етуді дамыту мақсатында ЖАО тауар кредиторларының біліктілігін арттыру, өндірістік циклды сүйемелдеу және сертификаттау, АШТӨ мен жеке қосалқы шаруашылық иелеріне тауарлық кредиттер беру және пайдалану мәселелері туралы оқыту жұмыстарын жүргізуде.

Бұл ретте форс-мажорлық жағдайларда кредиторлар мен қарыз алушылардың қаржылық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында операторлар мен ЖАО-ның сақтандыру іс-шараларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысуы көзделген.

Ауыл шаруашылығы субъектілерін сақтандыруға ынталандыру және оның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру сыйақыларын субсидиялау тетіктері қолданылады.

***Анықтама:** мемлекеттік қолдау сақтандыру сыйлықақысының 80 %-ын өтейді.*

Тауарлық кредит тетігін іске асыру бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттары шеңберінде жүзеге асырылатынын атап өткен жөн.

Осылайша, осы тетікті одан әрі кеңейту жөніндегі жұмыс аграрлық нарық субъектілерін ынталандыру шаралары мен бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып жалғасатын болады.

Тауарлық кредит беру шеңберінде франшизаны пайдалану бойынша франшиза мен тауарлық кредит экономикалық және құқықтық сипаты мүлдем әрқилы екенін атап өтеміз. Франчайзинг – тараптар арасындағы шарттық міндеттемелермен реттелетін брендті немесе белгіні пайдалануға өтеулі құқықты көздейтін бизнес-модель. Өз кезегінде, тауарлық кредит – азаматтық кодекспен реттелетін қаржылық механизм, оның шеңберінде АШТӨ тауарларды ауыл халқына қарызға береді.

Тауарлық кредит беру жүйесіне франчайзинг механизмін енгізу қарыз алушы үшін қосымша міндеттемелердің пайда болуына алып келеді, оның ішінде франчайзердің талаптарын мүлтіксіз сақтау міндеті де қарастырылады, бұл тауарлық кредиттің негізгі алушылары болып табылатын жеке тұлғалардың мүдделеріне қайшы келеді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде тауарлық кредит тетігі аясында франчайзинг моделін пайдалану тиімсіз болып табылады.

Жалпы АӨК-ті мемлекеттік қолдау мәселелері Үкіметтің бақылауында.

О. Бектенов